

"Биоотын айналымы бойынша декларацияны ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 118
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 16822
болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Биоотын айналымы бойынша декларацияны ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 118
бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10617
болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 сәуірде
жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан
Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 7-бабы 4) тармақшасына және
"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19
наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**"
;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Биоотын айналымы бойынша декларацияны
ұсыну қағидаларында:

"Биоотын айналымының теңгерімі" биоотын айналымы бойынша декларацияның" 1
-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаевқа) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның
мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау
банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық
құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
Н. Айдапкелов
2018 жылғы 5 сәуір

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 4 қаңтардағы
№ 6 бұйрығына
1-қосымша
Биоотын айналымы бойынша
декларацияны ұсыну
қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

"Биоотын айналымының теңгерімі" биоотын айналымы бойынша декларация

есепті кезең 20__ жылғы ____ айы

Индексі: БОАД 1

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: биоотын айналымы бойынша қызметін жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар

Қайда ұсынылады: мемлекеттік кірістер органына

Ұсыну мерзімі: ай сайын есептіден кейінгі айдың 20 күніне дейін

ЖСН/БСН

Атауы

Есепті кезең ____ ай ____ жыл

Мемлекеттік кірістер органының коды

Биоотын түсті								ішкі орын		
Биоотынның	Қызметін жүзеге	Өнім беруші	Өнім беруші/	Өнім берушінің/	Есепті кезең					

р/с №	Био отын түрі	ДСН коды	асыру мекенжайы	/ алушы	алушының атауы	алушының ЖСН/БСН	басына қалдығы	Барлығы	ө з өндірісінен	жеке және заңды тұлғалардан	ауыстыру бойынша	имі бой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Жиыны											

Кестенің жалғасы:

Алушылардан өнімдерді қайтару	Өткізілді (тиеп жөнелтілді)						Ілеспе жүкқұжат		Жеткізушілерге өнімді қайтару	Бүлі жоғ
	Барлығы	жеке және заңды тұлғаларға одан әрі сату үшін	жеке және заңды тұлғаларға, олардың жеке қажеттіліктері үшін (соңғы тұтынушыға)	ж е к е қажеттіліктеріне пайдаланылды	і ш к і орын ауыстыру бойынша	экспортқа	нөмірі	күні		
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Жеке кәсіпкер _____ / _____

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (қолы)

Басшысы _____ / _____

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (қолы)

Бас бухгалтер _____ / _____

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (қолы)

Декларация қабылданған күн _____

_____ / _____

_____ (Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (қолы)

Пошта штемпелінің күні _____ (декларация поштамен ұсынылған жағдайда толтырылады)

Ескертпе:

декларацияны толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында келтірілген;

аббревиатурларды ашып жазу:

БОАД – биоотын айналымы бойынша декларация;

Био отынның ДСН коды – биоотынның дербес сәйкестендіру нөмірі- коды көрсетіледі;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны толтыру бойынша түсіндірме
биоотын айналымы бойынша декларация "Биоотын айналымының теңгерімі"
биоотын айналымы бойынша декларация**

Нысан мынадай үлгіде толтырылады:

- 1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі;
- 2-бағанда биоотын түрі көрсетіледі;
- 3-бағанда био отынның ДСН коды көрсетіледі;
- 4-бағанда қызметін жүзеге асыру мекенжайы көрсетіледі;
- 5-бағанда биоотынның өнім берушісі немесе биоотынның алушысы көрсетіледі;
- 6-бағанда биоотын өнім берушінің немесе биоотын алушының атауы көрсетіледі;
- 7-бағанда биоотын өнім берушінің немесе биоотын алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі;
- 8-бағанда биоотынның есепті кезең басындағы қалдығы (тоннада) көрсетіледі;
- 9-бағанда барлық түскен биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 10-бағанда өз өндірісінен биоотын түскен (тоннада) көрсетіледі;
- 11-бағанда жеке және заңды тұлғалардан биоотын түскен (тоннада) көрсетіледі;
- 12-бағанда ішкі орын ауыстыру бойынша биоотын түскен (тоннада) көрсетіледі;
- 13-бағанда импорт бойынша биоотын түскен (тоннада) көрсетіледі;
- 14-бағанда алушылардан өнімдерді (биоотын) қайтару (тоннада) көрсетіледі;
- 15-бағанда барлық өткізілген (тиеп жөнелтілген) биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 16-бағанда жеке және заңды тұлғаларға одан әрі сату үшін өткізілген (тиеп жөнелтілген) биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 17-бағанда жеке және заңды тұлғаларға, олардың жеке қажеттіліктері үшін (соңғы тұтынушыға) өткізілген (тиеп жөнелтілген) биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 18-бағанда жеке қажеттіліктерге пайдалану үшін тиеп жөнелтілген биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 19-бағанда ішкі орын ауыстыру бойынша тиеп жөнелтілген биоотын (тоннада) көрсетіледі;
- 20-бағанда экспортқа биоотын (тоннада) өткізілген (тиеп жөнелтілген) көрсетіледі;
- 21-бағанда биоотынға ілеспе жүкқұжаттың нөмірі көрсетіледі;
- 22-бағанда биоотынға ілеспе жүкқұжаттың күні көрсетіледі;
- 23-бағанда жеткізушілерге өнімді (биоотынды) қайтару (тоннада) көрсетіледі;
- 24-бағанда биоотынның бүлінгені, жоғалғаны (тоннада) көрсетіледі;
- 25-бағанда биоотынның нормалар шегіндегі шығыны (тоннада) көрсетіледі;
- 26-бағанда биоотынның есепті кезеңнің соңындағы қалдығы (тоннада) көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК